


«Бекітемін»  
«Алматы облысы білім басқармасының  
Балқаш аудандық білім бөлімінің» ММ  
«Аққол орта мектебіМДШО»МҚМ-і директоры  
 К.А.Сарсенбаева  
«31» 08 2021 жыл

**«Алматы облысы білім басқармасының Балқаш аудандық білім бөлімінің «Аққол орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің мектепалды даярлық ТОБЫНЫҢ жүзеге асыратын оқу жоспары 2021 – 2022 оқу жылы**

### Түсінік хат

Мектепалды даярлық топтарында білім беру процесі:

2021-2022 оқу жылында меншік нысанына қарамастан мектепалды даярлық сыныптарының (топтарының) барлық түрлері мен нысандарында білім беру процесі ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына (бұдан әрі – МТОМЖБС)(2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген), ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі –Үлгілік бағдарлама)(2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (2020 жылғы 12 мамырындағы № 195 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); үлгілік оқу бағдарламасына арналған әдістемелік нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) сәйкес ұйымдастырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны әртүрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолдарымен іске асырылатын: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бес білім беру саласына негізделген.Барлық білім беру салалары бір-бірімен байланысты:бала оқи отырып таниды;тани отырып не білгені туралы айтады;зерттеу және пайымдау барысында құрбыларымен бірлесіп әрекет етеді.Білім беру салаларының өзара кірігуі және өзара байланысы балада қоршаған ортаның тұтас бейнесін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектепалды даярлық сыныптарында оқу жүктемесі 20 сағатты құрайды,оның ішінде 17 сағаты оқу қызметтеріне,3 сағаты-вариативтік компонентке қарастырылған.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25-30 минутты құрайды.

**Мектепалды даярлық тобының жүзеге асыратын оқу жоспары  
2021 – 2022 оқу жылы**

№	Білім салалары және оқу пәндері	Апталық сағат саны	Жүктеме
		Мектепалды даярлық тобы	Апталық
	<b>Инварианттық</b>	<b>компонент</b>	
<b>I</b>	<b>«Денсаулық»</b>	<b>3</b>	<b>3</b>
1	Дене шынықтыру	2,5	2,5
2	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	0,5	0,5
<b>II</b>	<b>«Қатынас»</b>	<b>5</b>	<b>5</b>
1	Сөйлеуді дамыту	1	1
2	Көркем әдебиет	1	1
3	Сауат ашу негіздері	2	2
4	Орыс тілі	1	1
<b>III</b>	<b>«Таным»</b>	<b>2,5</b>	<b>2,5</b>
5	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру	1	1
6	Құрастыру	0,5	0,5
7	Жаратылыстану	1	1
<b>IV</b>	<b>«Шығармашылық»</b>	<b>5</b>	<b>5</b>
8	Сурет салу	1	1
9	Мүсіндеу	1	1
10	Жапсыру	1	1
11	Музыка	2	2
<b>V</b>	<b>«Әлеуметтік орта»</b>	<b>1,5</b>	<b>1,5</b>
12	Өзін – өзі тану	1	1
13	Қоршаған ортамен таныстыру	0,5	0,5
	<i>Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы ұзақтығы</i>	<i>25 – 30 минут</i>	<i>Үзіліс 10-12 минут</i>
	Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі	17	17
	<b>Вариативтік компонент</b>	<b>3</b>	<b>3</b>
1	Логика	1	1
3	Қызықты математика	1	1
4	Жазу үлгісі	1	1
	<b>Барлығы:</b>	<b>20</b>	<b>20</b>